



## БАЛАЛАРҒА ТІЛ ДЫБЫСТАРЫН АЙТУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Адилбаева Г.Е.

*Шыршық мемлекеттік педагогика университеті  
Мектепке дейінгі білім факультеті 2-курс студенті*

**Аңдатпа.** Мақалада сөз дыбыстарын олардың айтылуын қамтамасыз ету жайында шолу жасалған.

**Abstract.** The article provides an overview of how to ensure the pronunciation of word sounds.

**Кілт сөздер:** логопед, мектеп, дауыс, организм, материал.

**Key words:** speech therapist, school, voice, organism, material.

Логопедтер сөз дыбыстарын олардың айтылуын қамтамасыз ететін артикуляциялық (дыбыс шығарушы) органдардың жұмыс істеу сипатына қарай былайша бөледі: а) «ерте — онтогенез» дыбыстары (онтогенез дегеніміз бала организмнің жеке дамуы): дауысты [а], [о], [у], [и] және дауыссыз [м], [п], [б], [т], [д] [н], [г] [х], [й], [с ] дыбыстар; б) «орташа онтогенез» дыбыстары: дауысты [ы]; меңгерілген дауыссыз дыбыстарды ұяңдығы және қатаңдығы бойынша жіктеу; [л] сардык дауыссыз дыбыстарды үндендіру. в) «кейінгі онтогенез» дыбыстары: тілдің алдының көтерілуін қажет ететін р, ш, ж, щ, дыбыстары, л, ц дыбыстары.

Сөз дыбыстарын бұлайша бөлу баланың белгілі бір артикуляцияны меңгере алатын жас мөлшерін де көрсетеді. Сөз дыбыстарының осылайша бөлінуіне орай түрлі жастағы балаларға арпап дыбыс жаттығуларын жүргізу белгіленеді.

Сөйлеу қабілеті ойдағыдай дамып келе жатқан (сөйлеу әрекетінің дамуына логопедтердің араласуы қажет емес) балаларға арналған артикуляциялық жаттығулар баланы дұрыс айтуға үйрететін дыбысты қамтитын сөздер мен сөйлемдерді олардың дауыстап айтуынан тұрады. Жаңылтпаштар мен белгілі біріңғай дауыссыз дыбыстар қайталанып келіп отыратын өлеңдер бұл жерде дидактикалық материал қызметін атқарады.

Тәрбиешінің дыбыстарды дұрыс айтуына еліктеу жаттығудың негізгі әдісі болып табылады. Дыбыстардың айтылуына тікелей еліктеу (дыбыстарды дұрыс айту процесінің өзі балаларды қызықтырады, олар мұны тартымды ойын ретінде түсінеді, немесе «бал арасы», «лақ», «тышқан», «барабаншылар» сияқты рольдік ойындар ойнау тәрбиешінің, сөз дыбыстарын айтуын имитациялау (еліктеу) тәсілдері бола алады. Барлық артикуляцияларды пысықтау жұмысы көркем шығармаларды оқу және қайтып айтып беру, тақпақ жаттау сабақтары да жүргізіледі.



Балаларға дауысты (ы-дан басқа) және дауыссыз м, п, т, г, х, с дыбыстарды айта білуді үйрету жөніндегі алғашқы жаттығулар кезінде осы жастағы балалар әлі де айта алмайтын дыбыстар міндетті түрде кездеседі, тәрбиеші бұған олардың назарын аудармауы тиіс бұл кезде балдырыңқылар «кейінгі онтогенез» дыбыстарын өздері айтып үйренген дыбыстармен алмастыратын болсын. Егер бала «қиын айтылатын» [ш] дыбысын [с] дыбысымен алмастырып айтатын болса, мысалы, «аш» деудің орнына «ас» десе немесе қатаң және ұян [з], [е], [б] — [п], [д] — [т], [л] — [й] дыбыстарын және т. с. с. шатастыратын болса, яғни «папа» деудің орнына «бапа», «паба». ал «алқа» деудің орнына «алма» десе, оны түзетудің қажеті жоқ.

Дауысты дыбыстарды айтып үйрену жөніндегі жұмыстар екі және үш жастағы балалармен, кейде тіпті бұдан кейінгі жылдары да жалғастырыла береді. Мектеп жасына дейінгі балаларда дауысты дыбыстарды айтып үйренуге едәуір ұзақ тыныс шығару арқылы машықтандыру керек. Мұндай жаттығуларды тыныс алу органдарын машықтандырумен байланыстыру пайдалы болады. Сөйлеу кезінде тыныс шығару процесін ұзарту мақсатындағы тыныс алу органдары жаттығуларын «Гүлдерді иіскейік», «Бөлме ішінде ұшыру үшін мамықты үрлейік», «Қолыңыз тоңса, демімізбен жылытайық», «Сабын көпіршігін ұшырайық» сияқты қарапайым сюжеттік ойындар ретінде өткізу ұсынылады. Сондай-ақ ерін мен тілге арналған жаттығуларда да келтіреміз.

Ерін жаттығулары: «Екі ұртты да томпитып алыңдар да бұдан соң алдымен біреуін, кейін екіншісін саусақпен басыңдар; «Еріндерінді сүйірлеп алыңдар да сонынан тістеріңді көрсете отырып, бірден тез күліңдер»; «Атты тоқтатыңдар: «Дырр-р-р».

Тіл жаттығулары: «Мысықтың сүтті қалай тілімен жалап ішетінін керсетіңдер», «Ұрттарыңа тілмен «ине салыңдар», «Тілдеріңді тақылдатыңдар». Екі жасар балалармен дауысты дыбыстарды айтып үйрену, жаттығулары енді ойын түрінде жүргізіледі. Мысалыға, мынадай рольдік ойындарды қарастырайық:

Кішкентай қыз: «А-а-а-аа-аа-а»,— деп жылайды.

Тышқан: «И-и-и-и-и-и».— деп күледі.

Аю: «Э-э-э э-э-э»,— деп ашуланады.

Қасқыр екінші қасқырды: «У-у-у-у-у»,— деп шақырады.

Бұлан: «О-о-о-о-о»,— деп орманды басына көтереді.

Бөбек: «Уа-уа-уа-уа-уа»,— деп жылайды.

Балалар тоғайда біріне-бірі: «Ау-зу»,— деп дауыстайды.

Егер «ерте онтогенез» дыбыстарын қалыптастыруға арналған дидактикалық материалды «орташа» немесе «кейінгі онтогенез» дыбыстарды ұшыратын болса, тәрбиеші балалардың оларды міндетті түрде дұрыс айтуын талап етпеуі тиіс, олар «Бала» деудің орнына «Байа» деуі мүмкін және т.с.с.



### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Федоренко Л.П., Фомиева Г.А., Лотарев В.К. «Мектеп жасына дейінгі балалар тілін дамыту методикасы» Алматы, 1981.
2. Адамбаева Ж. «Орыс мектебінің бастауыш сыныптарында тіл дамыту» Алматы, 2000.
3. Баймұратова Б.Б., Едепбаева З.Д. «Изучаем казахский язык Куншуак» әдістемелік құрал. Алматы, 2007.
4. Өтебаева Г. «Ересектер тобындағы балалардың тіл дамуын анықтау тәсілі» //Отбасы және балабақша// №1 1013 б.
5. Аяпова Т. «Сөз мағынасының қалыптасу үрдісінде» //Бастауыш мектеп// №7 2003. 19-28 б.
6. Абдуллина Г. «Тіл мен сөйлеу» //Бастауыш мектеп// №11 – 2005 13-15 б.
8. Сардарова Ж «Бастауыш мектептің тіл сабақтарында дамыта оқыту ерекшеліктері» //Бастауыш мектеп// №9 – 2003. 8-9б.
9. Ikromov, I. (2023). Pedagogik amaliyotni amalga oshirish jarayoni tizimli tashkil qilish. Namangan davlat universiteti Ilmiy axborotnomasi, (6), 729-736.
10. Ikromov, I. M. (2023). General characteristics of the organization of continuous pedagogical experimental work. NamDU axborotnomasi, 5(3), 863-869.
11. Исманова, М. А. (2021). Развитие и оценка функциональной грамотности школьников на основе международных исследований PIRLS. Экономика и социум, 9(88), 405-407.
12. Abdumuminovna, I. M. (2023). Mechanisms of creative skills formation in students. Open Access Repository, 9(6), 171-175.
13. Ismanova, M. A. (2023). Maktabgacha yoshdagi bolalarda atrof-muhit va uning muammolari. Mugallim, 1(1), 75-78.
14. Ismanova, M. A. (2022). Methodology of teaching history as an academic subject. Mugallim, 2(12), 78-80.
15. Исманова, М. А. (2022). Психологические свойства формирования профессиональной направленности личности педагога. Мугаллим, 5(15), 16-20.
16. Исманова, М. А. (2022). Болалар психологиясининг умумий масалалари. Мугаллим, 5(3), 15-18.
17. Исманова, М. А. (2022). Мактабгача таълим ташкилотларда турли фаолиятларда кластер методидан фойдаланиш. Academic research in educational sciences, 3(12), 80-83.
18. Ismanova, M. A. (2021). Maktabgacha ta'lim tashkilotlarida rahbarlik qilish va tashkil etish masalalari. Academic research in educational sciences, 2(5), 1581-1587.



19. Ibadullaev, K. (2022). Features of the organization and conduct of international assessment programs. Журнал иностранных языков и лингвистики, 6(6), 1-10.
20. Ibadullayev, Q. M. (2022). Specific Characteristics of Organizing and Conducting International Assessment Programs. International Journal on Integrated Education, 5(12), 140-143.
21. Ibadullayev, Q. M. (2022). Features of the organization and conduct international assessment programs. Mental Enlightenment Scientific-Methodological Journal, 1(6), 2-10.
22. Ibadullayev, Q. M. (2022). The content and importance of establishing educational quality control. Mental Enlightenment Scientific-Methodological Journal, 1(6), 12-19.
23. Ибадуллаев, К. М. (2022). Ўрта таълимга инновацияларни жорий этишнинг мамлакатимиз ижтимоий тараққиётидаги аҳамияти. Экономика и социум, (4-2 (95)), 887-890.
24. Ибадуллаев, К. М. (2021). Педагогик таълим кластери бўйича хориж тажрибаси. Academic research in educational sciences, 2(12), 1543-1551.